Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

**Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева,**
**П.Т.Ізімова, Г.Н.Чубаева, Г.К.Казербаева**

# ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сынып
мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық

# 7

baspasy
arman-pv

АРМАН-ПВ баспасы

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26
Ж26

Аскарова Г.С. ж.б.

Ж26 **Жаһандық құзыреттер:** негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбының мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. / Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева, П.Т.Ізімова, Г.Н.Чубаева, Г.Қ.Казербаева – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 60 б.

ISBN 978-601-201-207-1

«Жаһандық құзыреттер» пәнінен негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық – оқулық материалымен және оқушылармен жұмыс жүргізу үшін мұғалімдерге арналған көмекші басылым. Әдістемелікте тақырыптар бойынша ұсынылған тапсырмалармен жұмыс әдістері және ұсыныстар, тақырыптық жоспар үлгісі, қысқамерзімді сабақ үлгілері берілген.

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26

© Аскарова Г.С.,
Қасымбек А.А.,
Кажиева Г.Т.,
Ізімова П.Т.,
Чубаева Г.Н.,
Казербаева Г.Қ., 2024
© «Arman-PV baspasy», 2024

ISBN 978-601-201-207-1

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АРМАН-ПВ баспасы

# АЛҒЫ СӨЗ

**Қадірлі әріптес!**

Жаһандану жағдайында білімді бағдар беру табысты бейімделу мен дамудың негізгі факторына айналуда. Жаһандық құзыреттілік оқушыларды қазіргі қоғамның күрделі өзгерістеріне, сынақтарына дайындай отырып, білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналады. «Жаһандық құзыреттер» оқулығының әдістемесі мұғалімге оқушылардың сыни ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын, мәдениетаралық құзыреттіліктер мен шығармашылық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған стратегияларды, тапсырмаларды және практикалық ұсыныстарды бағдарлап, өз жұмысында қолдану үшін ұсынылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген бұл пәндік курс әдептілік нормаларын, құндылықтар мен коммуникативтік дағды-машықтарды дамытуды көздейді.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулыққа 7-сыныпқа арналған пәнді оқыту бағытында мұғалімге бағдар болатын әдістемелік және дидактикалық материалдар енгізілген.

7-сыныптағы білім көзін толықтыру «Этика және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Өмір сүру қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» бөлімдерін өту барысында жүзеге асырылады. Қысқамерзімді жоспар – мұғалім шеберлігі мен сабақ жүргізу шығармашылығына қатысты құрылатын жұмыс бағдары. Алайда пәнді жүргізетін әріптестерге көмек ретінде қысқамерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұсынылды.

Шығармашылық шабыт пен табысты жұмыс тілейміз, әріптес!

АРМАН-ПВ баспасы

# ЖАҺАНДАНУ

Жаһандану – үдерістің, іс-әрекет немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей, бүкіл әлемдік деңгейде маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандық азаматтық қоғам, батыстық жаһандану тұжырымдамалары бойынша, бүкіл адамзат мәселелерін шешу мақсатында және ортақ құндылықтар негізінде бір типті әлеуметтік қауымдастықтарды біріктіретін аса үлкен, саясаттан тыс адамдар қауымдастығы болып табылады. Ғаламдану құбылысын жағымды немесе жағымсыз үдеріс деп біржақты кесіп айта алмаймыз.

Жаһандану процесін ғалымдар мен саясатшылар ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың басымен байланыстырады. «Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Ол бұл ұғымды «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атап көрсету үшін қолданған. Оның ойынша, жаһандану және технологиялар – халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторы. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп атап көрсеткен екен. Ал «Жаһандану» ұғымын сонан кейін жапон зерттеушісі Кеничи Омаэ қолданып, барынша кең таралуына себепкер болған. Өзінің «Триада билігі» («Triad Power») деген 1985 жылы жарық көрген кітабында, ол «Триада» деп ойша жасалған үшбұрышты, яғни АҚШ, Жапония және Батыс Европаның өздеріне жататын жағрафиялық аймақ бойынша құрылып, 600 млн тұтынушысы бар, әлемдік технология өнімінің 3/4 астамын тұтынатын нарықты атаған. Демек, ол ғалымдар еңбектерінде нарықтық ұғым кең өріс алса, оның негізінде білім жататыны шындық емес пе?

Міне, нарыққа қатысты ұғым бұл күнде адамзатқа қажет барша білім көзін қамтуда:

1. Мәдениетаралық байланыс;
2. Дүниетаным және жаһандық тенденцияларға қатысты сыни ойлау;
3. Жаһандық көшбасшылық;
4. Азаматтық жауапкершілік;
5. Жан-жақты білім негізінде қалыптасқан көзқарас және жауапкершілік;
6. Жаһандық мәселелерді шешу мен стратегиялық жоспарлау дағдылары;
7. Жаһандық деңгейдегі білім-ғылым, технологияны меңгеру сауаттылығы және жаһандық процестерге қатысу үшін қажетті цифрлық дағдылар және т.б.

Көріп отырғанымыздай, жаһандық құзыреттіліктерді дамыту кешенді түсініктерді қамтиды екен. Біз негізге алатын оқытудың мақсат-міндеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 68-қосымшасындағы «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасында» берілген.

Мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттіліктерге ие тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;
2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;



АРМАН-ПВ баспасы

3) білім алушыларда медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
5) экологиялық мәдениетті дамыту;
6) қоғам өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

Біз оқулық құрастыру барысында жоғарыдағы міндеттердің сұрыпталып, баланың жас ерекшелігіне лайықталып берілген тақырыптарымен жұмыс істеп, материалдар мен тапсырмаларды оқушы қолданысына лайықты ұсынуға басымдық бердік. Ал жұмыс әдістерін осы құралда айтып өтпекшіміз.

«Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 7-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат.

## Ізденіс, тәжірибе, шеберлік

Біз жоғарыда жаһандану жағдайында ортақ мәдениет, ортақ білім көздері т.б. ортақ қолданыс негіздері болатынын айттық. Жаһанданудың түрлі ұлттарға тән мәдениет пен өркениет үлгілерін астастыратынын ойласақ, әрине, ол әлемге біздің ұрпақтарымыз ұлттық болмыспен енгенін қалайтынымыз шындық және ол өзге ұлттардың да көкейкесті арманы.

Әлемді басып алғысы келген әр билеушінің арманы өз үстемдігін орнатып, өзіне ұнайтын мәдениетті ғана қалдыру болған болар. Алайда біз тарих пен тағдыр жеке адамның ойына бағынбайтынына, өмір өз соқпағымен жүретініне көз жеткіздік. Біз білетін Шыңғысхан, Македониялық Ескендір, Наполеон, Гитлер т.б. саясаты соғыс алапатымен адамды бағындырғанымен, әділеттік жеңетініне көз жеткіздік. Демек, жаһандану әділетті түрде, ешкімнің үстемдігін зорлықпен орнатпай, адамгершілікке негізделген ізгілікті әлем үлгісі болуы керек.

Тіпті жаһандастырудың мысалы ретінде тарих тереңіне кеткен Кеңестер Одағын айтсақ болады. Арман бір ұлт, бір үстем тіл жасау болды: орыс тілінде сөйлемеу білімсіздік мысалы болды, өз тілінде сөйлеуге ұялатын ұрпақтар өсті, Мәскеу – басқару орталығы, өзге он төрт мемлекет (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Белоруссия, Молдавия) бағынышты мемлекеттер болды. Әрине, заңды түрде жеке мемлекет боп саналғанмен, экономиканы дамыту, тіпті әлеуметтік-қоғамдық мәселелердің бәрі тек Орталықтың шешімімен ғана жүзеге асырылды. Қазақстанда қазақ мектебін немесе балабақша ашу да қатаң бақылауда болды. Ұлтқа қатысты көтерілген мәселенің бәрі ұлтшылдық болып табылды. Міне, осы жасанды түрде «бір мәдениет – бір ұлтқа» айналдыру саясаты жетпіс жылға созылды, артында дертті қоғам мен қазақ тілінде білім алу мәнсіз деп ойлайтын, орыс тілі үстемдігін ана тілінен жоғары қоятын санасы уланған ұрпақтар қалдырды. Бұның емі – тек тәуелсіздік болды.

Ғасырлар жылжып, шынайы жаһандану дәуірі келіп жетті. Бұл жаһандануда білім мен мәдениет басты орында. Ендігі мәселе – жаһандану заманында әр ұлттың елдігін, мәдениеті мен тілін сақтап қалуы және үстем танылған мәдениеттен нені алып, нені алмау керек екендігі.

Мәдениет екі жолмен келетіні аян: біріншісі – дүниетаным арқылы, екіншісі – ғылыми-техникалық даму тұрғысынан. Батыстан ғылым мен техниканың дамуы арқылы келген мәдениеттің озық тұсы – озық технологиялар, ал «өмірдің қызығын бұрмалаған, бәрін көр, қалағаныңша өмір сүр» деген дүниетанымнан шыққан мәдениеті (нашақорлық т.б.) бізге қарама-қайшы. Жас буынның санасын улайтын, өміріне қауіп төндіретін бұндай көзқарастың теріс



АРМАН-ПВ баспасы

екенін, өмір сүрумен үйлесімді емес екенін айта келіп, ұлттық құндылықтар мен ізгілік ирімдерін сіңіруді мақсат тұту – басты мүдде.

Ұлтымыздың болмысында сан ғасырлар бойы қалыптасқан ғажайып, бірегей мәдениет бар. Ана тілі – ұлттық код, мәдениеттің құрылымдық элементі, ең жоғары құндылық. Қазір ғаламдық тіл санатында ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр. Ендеше, ана тіліміз – қазақ тілін сақтап қана қалмай, оның мүмкіндіктерін жоғарылатып, қамқор болу – ұлт құндылығын, мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл – ұлт болып қалудың соңғы қамалы. Міне, осы ғажайыпты сақтап қалу, оны болашаққа жеткізу – әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз жастарды ана тілінде сөйлету арқылы дербес ұлт, рухы биік халық ретінде жаһандану әлеміне қадам басуымыз керек. Олай болса, жаһандық мәселелерді шешу үшін оқушылардың әртүрлі салалардағы білім мен дағдыларды қолдану қабілетін дамытуы, әлемдік құбылыстардың әртүрлі қырлары арасындағы байланысты көре білуі өте маңызды.

«Жаһандық құзыреттер» пәні – оқушының өмірде бой көтеретін өзекті мәселелерді шешу үшін кез келген пәндік (математика, әдебиет, тарих, ғылым және өнер) білім көздерін ұтымды қолдана білуіне, идеялар мен тәжірибелерді ескеріп әмбебап дағдыларын қалыптастыруға бағытталған функционалдық сауаттылықты қалыптастыру арнасы. Сабақ барысында мұғалімнің түрлі әдіс, техника, тәсілдерді қолдана отырып, төмендегідей жұмыс бағыттарына басымдық беруі өте маңызды:

Қарым-қатынас, тіл табысу шеберлігін дамыту;

Ақпараттық құзыреттілігін өрістету;

Сезімтал тұлға (эмоциялық интеллект EQ) ретінде қалыптастыру;

Білімді қолдану дағдысын ұштау және т.б.

Осы бағытта біз оқулықты тек қолданыс құралы ғана емес, мұғалімнің тәжірибе алаңы әрі шеберлікті ұштау бағдары болса деген оймен жұмыс бағыттарын бірнеше айдарға бөлдік.

Біз жұмыс айдарларын ақпаратты меңгеру алгоритмі және жүйелі жұмыс бағыттары ретінде қарастырдық. Мысалы: «Меңгерілетін білім» – сабақ мақсатын анықтау, «Кел, ойланайық!» сабақ тақырыбына кіріспе, мәселені түсінуге көпір болса, «Түйін сөз» – сабақ мазмұнына қатысты тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде мәнді болып табылады. «Жағдаяттық тапсырма» мен «Ойна да ойла» өз білімін қолдану, әрекеттегі белсенділік пен ойлау мен ізденіс көзі болмақ.

«Маңызды ақпарат» – тақырыпқа қатысты ұғымдар, мәліметтерді, деректерді пысықтау, «Біліміңді тексер» – сабақ соңындағы рефлексия.

«Қызықты ақпарат» – тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтер. Бұл мәліметтер балаға ой салуы, жаһандық тәжірибе негізінде идея беріп, уәж болуы да мүмкін. Оқушыны өзіндік ізденіс әрекетіне бейімдейтін, дағдыландыратын, оның жұпта, топта жұмыс істеп, дағдысын жетілдіруге мүмкіндік тудыратын айдар – «Өзіндік жұмыс». Жұмыс айдарлары – белсенді танымдық әрекеттер көзі болып табылатын көмек көзі, сабақтағы әрекет жүйелілігіне қызмет ететін алгоритм. Айдарларды ерекшеліктері мен қызметіне қарай төмендегідей топтастырдық.

АРМАН-ПВ баспасы

| Білімді меңгеру дағдыларының топтамасы | Белсенді танымдық әрекеттер топтамасы | Психологиялық қолдау топтамасы |
|---|---|---|
| *«Меңгерілетін білім»* – сабақ мақсатын анықтау.<br>*«Түйін сөздер»* – тақырып мазмұнына қатысты ойларды түйіндейтін сөздер.<br>*«Маңызды ақпарат»* – тақырыпқа қатысты ұғымдар, мәліметтер, деректермен танысу.<br>*«Біліміңді тексер!»* – кері байланыс, тақырыпты түйіндеу тапсырмалары. | *«Талда!»* – тақырыпқа қатысты ой тұжырымдау,<br>ұсынылған ақпаратты талдау, өз түсінігін айту (жазу).<br>*«Өзіндік жұмыс»* – жеке, жұппен, топпен орындалатын ізденіс тапсырмалары.<br>*«Ойна да, ойла!»* – рөлдік, танымдық, іскерлік және геймификациялық ойындар.<br>«*Жағдаяттық тапсырмалар*» – түрлі жағдаяттарда шешім қабылдап үйренуге арналған тапсырмалар | *«Кел, ойланайық!»* – сабақ тақырыбын қозғау алдындағы ойтолғаныс, зейін бағыттау.<br><br>*«Қызықты ақпарат»* – тақырыпқа қатысты қызығушылығын арттыратын қосымша мәліметтер. |

Бір сұрақ туындауы мүмкін: «Егер алгоритм болса, ол оқулықта берілген реттілігімен ғана жүзеге асырылу керек шығар?» деген. Бұл орайда айтарымыз, шебер мұғалім үшін өзгермейтін әдіс пен амал жоқ. Яғни айдарларды өз қалауыңызша жарата аласыз: топтарға бөлгенде оқушының білім көзін меңгеруіне ықпал ететін айдарларды біріктіруге, болмаса топтарға бөліп бір мезгілде екі-үш айдарды тиімді үйлестіріп орындатуға, берілген материалды өзіңіз дұрыс деп тапқан материалмен алмастыруға мүмкіндік зор. Өз оқушыларыңыздың қабілеті мен ерекшеліктеріне қарай түрлендіре қолдану уақытты ұтымды пайдалануға, мақсатыңызға қол жеткізуге қызмет етері сөзсіз. Олай болса, сәттілік, әріптес!

### «Кел, ойланайық!» айдары – зейінді бағыттау мен тақырып мазмұнын ашуға бағдар

Ой мен пікір бөлісу алаңында басым бағдар ретінде сұрақтар ұсынылған. Сұрақтарға жауап беру жалықтыратыны сөзсіз, сондықтан пікір алмасу кеңістігін өзгерту де ізденісті талап етеді. Тапсырманы мұғалім өз қалауына қарай түрлі формада ұйымдастырғаны абзал: оқушылардың топтарға бөлініп ерекше форматта жауаптар дайындауы, түрлі рөлдегі образдар арқылы ашуы, көңілділер, тапқырлар жауаптары ретінде т.т.

Оқушының зейінін сабаққа бағыттау – басты проблема. Гаджеттерге тәуелді, ойы сан тарапты шолып отыратын шәкіртті сабақ мазмұнына бейімдеу қызықтыру, ерекше әдістермен жұмыс істеуді талап етеді. Оқушылар негізгі тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап іздеу, берілген мысалды талқылау, пікір алмасу, пікір таластыру, сұхбаттасу т.б. форматта орындау арқылы тақырыптың мазмұнын ашып, ойларын тұжырымдап, бүгінгі тақырып мазмұнына бағдар алып, болжам жасай білуі керек. Оқулық «білім алаңында» кейбір оқушылардың енжарлығы мен ойынға бейім жас ерекшелігіне байланысты кітап құндылығын аса мойындамайтын мінез-құлқымен бетпе-бет келеді, демек мұғалім шеберлігі күннен күнге артуы, ізденіс қажет. Бұл мұғалім үшін де, оқулық авторларының ұжымы үшін де – ойландыратын мәселе. Сондықтан оқулықты құрастыру барысында заманауи оқушы ерекшеліктеріне бейімдеу, аз уақытта берілетін ақпараттың мәнділігі, оқулыққа барынша мол материал ұсыну, мұғалімнің қолындағы ақпараттарды таңдап, талғап қолдану мүмкіндігі өрісін кеңейту т.б. мәселелер үнемі ескеріліп отырды.

Арман-ПВ баспасы

«Кел, ойланайық!» айдары оқушыға психологиялық қолдау көрсету, қызықтыра отырып, құлшынысын арттыру мақсатында ойластырылды. Ұсынылған сұрақтармен жұмысты мұғалім өз қалауына қарай түрлі жұмыс формасында ұйымдастырғаны абзал. Мысалы: сөйлеу, талдау, өз пікірлерін айтумен қатар, тәжірибе жинақтау үшін сұхбат алу, ойын түрінде қызықты әрі жедел ұйымдастырылған әрекет арқылы жүзеге асыру да өте маңызды. Төменде бірді-екілі айдар сұрағын ұсынып отырмыз. Сұрақтар ойлануға, өзіне сын көзбен қарап, қабілет-қарым, қасиетін жетілдіруге бағытталған.

| **Айдар сұрақтары** | |
|---|---|
| • «Сөйлеу»,«сыпайы сөйлеу» деген қандай ұғым?<br>• Сыпайы қарым-қатынастың негізі не?<br>• Рухани сапа деген не? | • Кемшіліктермен жұмыс істеу дегеніміз не?<br>• Өз кемшілігіңді қалай түзеуге тырысасың?<br>• Өзгеге қуаныш сыйлау туралы пікірің қандай? |

Демек, оқушыға логикалық және сыни тұрғыдан ойлануға бағдар берілді, енді сұраққа жауапты теориялық мәтіннен өздері іздеп тапса тіпті жөн деп ойлаймыз. Бұл – оқулық пен айдарлардың атқаратын қызметінің көздеген межесі.

Сұраққа жауап іздеу – қызықты әрекет. Сұрақтар ізденіске бағыттайды, сол сұраққа жауап беру үшін ақпаратты теориялық мәтіннен және өзге айдарлардан қарастыруға, ақпаратты толықтыруға мүмкіндік тудырады. Ізденіс барысында өзін қызықтыратын қосымша ақпараттарға немесе өзін мазалап жүрген сұрақтардың жауабына жолығуы мүмкін. Әр тақырыпта оқушы қызығушылығының кілтіне айналатын «Түйін сөздер» айдары, «Кел, ойланайық!» айдарымен үйлесімді жұптасады. Ондағы берілген сөздер оқушының тақырыпқа қызығушылығын еселей түсетіні сөзсіз. Ал «Маңызды ақпарат» теориялық мәтінге қосымша накты ақпарат беруге үлес қосады.

Қорыта айтқанда, «Кел, ойланайық!» сұрақ қоя отырып ойландырумен қатар, оқушыға өз ойын айту үшін қолданатын ақпарат, мәлімет, деректі ұтымды әрі сауатты қолдануға бағдар беру айдары.

Бұл айдардың ерекшелігі – оны сабақ соңындағы рефлексия ретінде қолданып, ой қорытуға, пікір тұжырымдауға да пайдалануға болады.

### «Талда» – тақырыпқа қатысты ойды талқылау, ой тұжырымдау, ізденіске бағдар

«Талда» айдарымен жұмыс оқушының бірқатар қабілеттерінің, сыни ойлауы, шығармашылығы мен белсенділігінің қалыптасуына ықпал етеді. Оқушы талдау барысында жауапкершілікпен қарау, тапсырманың маңыздылығын тану, проблеманы анықтау, көтерілген мәселенің шешімін табу мақсатында талдау ұйымдастыру және сындарлы шешімге келу қадамдарын меңгере бастайды. Бұл оқушылардың логикалық, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға қызмет етеді. Алайда мұғалім бұл талаптарды оқушының жас ерекшелігі мен оқушының жеке қабілет, мүмкіндік өрісіне қарай жүзеге асырады деп сенеміз.

«Талда» айдары бойынша тек сұрақтарға жауап іздеу, берілген мысалды талқылау, пікір алмасу, пікір таластыру, сұхбаттасумен шектелсе, онда бір сарынды жұмыс оқушыларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Сол себепті ұсынылған тапсырманы мұғалім өз қалауына қарай түрлі формада ұйымдастырғаны немесе ерікті оқушыларға бергені орынды. Мысалы, тақы-

АРМАН-ПВ баспасы

рыпқа қатысты туындайтын сұрақтарды тыңдап, талдауды соған негіздеуге болады, мәтінге өмірден немесе көркем шығармадан мысал келтіруге баулу т.с.с.

Ұрпақ тағдыры – ұлт тағдыры. Баланы жаһандану жағдайына дайындау, бейімделуіне қажет дағдыларды бойына сіңіру алдымен саналы түрде қабылдауын дамытуға байланысты болмақ. «Талда» айдары ой мен сана әрекетін дамытуға бағдар болып табылады. Тапсырмалар форматы әртекті. Мысалы: «Зорлық-зомбылық – саналы тіршілік иесіне жат қылық» тақырыбын заң, құқық, өмірмен байланыстыра отырып талдаса, ал «Ана тілді ардақта!» тақырыбындағы талдау – төрт топқа бөлініп, данышпандар пікірін негізге ала отырып ұйымдастырылатын пікірсайыс. Пікір айту түрлі форматта болуы оқушының шығармашылық ойлауын дамытуға, талқылау барысында ой тұжырымдауына берілетін зор мүмкіндік.

Тұлғалық қалыптасуына бастау болатын тапсырмалар:

- ✓ Топтарға бөлініп, тарихи тұлғалар туралы таныстырылым жасау.
- ✓ «Өр тұлға – ер Қайрат!» тақырыбында ой қозғап, ерлік ісін насихаттау.
- ✓ QR-code-тағы мәліметті тыңдап, қазақтың қаһарман қыздары туралы ақпаратпен жұмыс және т.б.

Жоба құру ізденісі де заманауи талаптар тұрғысынан маңызды. Оқушыға етене таныс мектеп туралы жоба ұсындық. Мысалы: Мектеп жобасын талдап, осы негізде өздерің армандаған болашақ мектептеріңнің жобасын ұсыныңдар.

**Жобаның атауы**: «Болашақ мектебі»

**Жобаның мақсаты**: дамыған техника мен технология мүмкіндіктерін қолдана отырып, болашақ мектебінің жобасын жасау.

Оқушы қиялын қанаттандыру мақсатында әлемдегі соңғы үлгіде жабдықталған, оқушылардың алаңсыз білім алуына мүмкіндік тудыратын мектептермен таныстырып кетсе, тамаша болар еді. Оны «Төңкерілген сынып» әдісімен үйден қарап келуге берсек те болады.

Біз өз тарапымыздан келесі мысалды ұсындық. Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектепте оқушылардың заманауи жабдықталған сынып бөлмелерінде білім алуына, мұғалімдердің шығармашылық ізденіспен жұмыс істеуіне бар жағдай жасалған. 7–11 сынып оқушылары үшін инновациялық корпус ашылған. Бұл білім беру үдерісін дамытудың тың бағыты болып табылады.

Озық білім беру әдістері мен стандарттарын ескере отырып жасалған ғимарат және ондағы инфроқұрылым мектеп оқушыларының интеллектуалды және ғылыми мүмкіншіліктерін кеңейту үшін теңдесі жоқ мүмкіндіктер ұсынады. Негізгі идея – мектеп түлектерінің әрқайсысының жеке сұраныстарын барынша қанағаттандыру. Яғни, біз әр жоғары сынып оқушысының жеке бағытын қамтамасыз ету туралы айтып отырмыз. Жеке бағыт дамудың тоғыз бағытын қамтиды, олардың әрқайсысы бойынша мектеп түлектері тиісті сертификаттар, дипломдар мен грамоталар алады. Мектеп басшылығы өз оқушыларының жеке басын дамытудың барлық аспектілеріне назар аударады, осылайша олар тек табысты кәсіпқойлар ғана емес, сонымен қатар ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті құрметтейтін көшбасшылар бола алады.

Жаңа ғимаратта 600 шаршы метрлік спорт залы, алдыңғы қатарлы киіз үй сипатындағы кітапханада 80 оқу орны бар. Үш жабдықталған дәріс залы, 360 градустық LED экранды амфитеатр, 400 орындық асхана, хореография залы, дзюдо залы, шығармашылық оқушылардың 10-нан астам демалыс аймағы, кафетерий және т. б. бар. «Бұл – біздің озық үлгідегі әлем мектептерінің білім беру деңгейінен кем түспейтін мектеп жасау мақсатымызды жүзеге асыру қадамымыз. Қазақстандағық білім беру ісіне қосар үлесіміз, жаңа ғасырдағы сапалы білім беру саясатына азаматтық көзқарасымыз және әр оқушының жаһандану процесінде «қазақы

құбылыс» болып танылатын тұлға екенін түсінуге көрсеткен қолдауымыз. Біз ұлт ұстанымдарын ту еткен педагогикалық ұжыммен бірлесе отырып, осы мүддені жүзеге асыратын оқушылардың дарыны мен талантын ұштап, білім беру тарихының жаңа беттерін жазуға дайынбыз», – деді мектеп негізін қалаушы Ә.Тасмағамбетова.

Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектепті (Shoqan School) 2020 жылы Кеңес Рақышев пен Әсел Тасмағамбетова құрған. 1–11 сынып оқушыларына қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 1320 оқу орнын ұсынып, халықаралық тәжірибелер мен сапалы білімге тең қолжетімділікті ескере отырып, мектептің негізін қалаушылар үздік оқушыларға тегін оқуға гранттар бөледі және олардың табыстарын ақшалай баламалы стипендиялармен ынталандырады. Бірінші сыныптардан бастап оқыту тұрақты даму қағидаттарына және БҰҰ ТДМ сәйкес жүргізіледі.

Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп – барлық халықаралық экологиялық стандарттар бойынша салынғанын куәландыратын LEED сертификатын алған ТМД аумағындағы алғашқы және жалғыз білім беру нысаны. 2023 жылдан бастап мектеп Біріккен Ұлттар Ұйымының (UN GlobalCompact) жаһандық шартының толық мүшесі болып табылады.

Сонымен бірге әлемдегі ерекше үлгідегі мектептер туралы мәліметтерді іздеуге бағдарлау да қажет. Мысалы:

Далтон мектебі Нью-Йоркте, АҚШ. Сипаттамасы: Далтон мектебі-Нью-Йорктегі тәуелсіз мектеп, ол өзінің инновациялық оқыту тәсілімен танымал. Мектеп шығармашылық ойлауды дамытуға және оқушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуына басымдық береді.

Сент-Пол мектебі. Лондон, Ұлыбритания. Сипаттамасы: Бұл – Лондондағы бай тарихы бар беделді мектеп. Ол академиялық бағдарламаларды, спорттық және көркемдік іс-шараларды, сондай-ақ мінез-құлық пен көшбасшылық дағдыларды дамытуға баса назар аударады, жоғары сапалы білім беру ордасы.

«Талда» айдарының оқушы мүмкіндігін ашатын тағы бір қыры бар. Әлеуметтік желі, теледидармен жақсы таныс оқушы сол салада жұмыс жасауды армандайды, ұнатады. Осы қызығушылықты тиімді пайдалансақ, тіпті тамаша болар еді. Төмендегідей тапсырмалар осы тұрғыдан ұсынылды.

Жұптасып, сұрақтар негізінде бір-біріңнен сұхбат алыңдар.

1. Күнделікті қандай ақпарат құралдарын пайдаланасың? Олар сенің өміріңе қалай әсер етеді?
2. Интернеттегі сенімді ақпарат көздерін сенімсіз ақпарат көздерінен қалай ажыратуға болады? т.с.с

Өмірде үнемі кездесіп отырған алаяқтық жасөспірімдерді де жиі өкінішке ұрындыруда. Осы орайда оқушының бесенді әрекетін ұйымдастыру үшін төмендегідей тапсырма түрлері ұсынылды.

https://egov.kz/cms/kk/articles/legal_relations/pass_ scammers сілтемесіндегі кеңестерді оқып, талдап, мәліметтерді зерделей отырып, телефон алаяқтарынан қорғану жадынамасын құрастыру.

Подкаст пен теледидар бағдарламалары айырмашылығын зерделеу де ақпараттар көкжиегін кеңейте түседі. Сұрақтарға жауап бере отырып, подкаст туралы ақпаратпен жұмыс жасау.

«Отбасы бюджеті» және «Қаржылық мақсат пен үнемділік» атты екі топқа бөлініп (қаржыгерлер, бизнесмен, кәсіпкер, қарапайым отбасы мүшелері т.т.), үшінші журналистер тобымен брифинг (пресс-конференция) ұйымдастыру.

«Табиғат аясына демалуға шыққан отбасының табиғи апат орын алған кездегі әрекеттері қандай болуы керек?» деген тақырыпта пікір алмасып, топ сценарийін жасау. Бір топ жер



АРМАН-ПВ баспасы

сілкінісі орын алған жағдайды, екінші топ орман өрті жағдайында, үшінші топ су тасқыны жағдайында қауіпсіздік ережелерін сақтап, қалай аман құтылғаны жөнінде өз нұсқаларын ұсынады. Төртінші топ сценарийде ескерілмей қалған ережелерді талдайды, сценарийді бағалайды.

Өзге тақырыптар аясында да талдау әрекеті сан қырлы.

QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, табиғатты өрттен сақтау туралы пікір алмасыңдар.

Қызып кететін смартфон бар деп елестетіп, сұрақтар негізінде зерттеу: мұндай жағдайда не істеуге болады? Қызып кетудің себебі қандай болуы мүмкін? Қызып кетудің құрылғы мен пайдаланушыға қандай әсері бар деп ойлайсың?

❖ Мақал-мәтелді оқып, қазақ халқының асты қалай қастерлегенін, маңызы мен мәнін талдап, түсіндіру.
❖ Ақпаратпен танысып, «Таза табиғатпен – болашаққа» экологиялық шеруін ұйымдастыру жоспарын жасау.

Швеция – өз еліндегі қоқыстарды өңдеуді 100 % орындап отырған ел. Қазір ол басқа елдердің де қоқыстарын сатып алып, одан электр қуатын өндіруде. Соның есебінен мұндағы электр қуатының бағасы өте арзан.

Бүгінде орташа есеппен автокөлік әрбір 35 шақырым сайын 0,5 килограмнан астам зиянды қалдық шығарады. Ал 50 жыл бұрын көліктің қоршаған ортаға келтіретін зияны қазіргіден шамамен, 25 есе жоғары болған. Айтылатын ойды талдауға дәйек болар мысалдармен толықтыра түседі. Мысалы:

4 литр көлік майы 4 миллион литр таза ауызсуды ластай алады.

Темір өндірісі – ауаға шығатын барлық көмірқышқыл газының 6%-ының көзі болып табылады.

Бір ғана АҚШ-тың өзінде бір сағатта екі миллионнан астам пластик құты тасталады. Ал тәулігіне қайта өңделетіні – небәрі 230–270 мың құты ғана.

«Көбелектің әсері» атауын ең алғаш Эдвард Лоренц қолданған. Бұл «Бразилияда қанатын қаққан көбелек Техаста торнадо тудыруы мүмкін бе?» деген метафорадан шыққан. Американдық метеорологтың бұл сөзі түрлі пікір туғызады. Ол қарапайым әрекеттің елеулі салдарға ұласатынын білдіреді.

Талдау – саналы шешім, таңдау, өңдеу, интерпретациялау біліктілігі; логикалық операцияларды қолданып, ойын дәлелді, мағыналы жеткізу. Ақпаратты талдау – білім мен тәжірибе алаңы. Оқушының талдау барысында тәжірибе жинақтау мен сенімді болуына мол мүмкіндік туады. Білімді қолдану, ғылыми-шығармашылық ізденісті арттыру бағытында орындауға негіз болатын тапсырма нұсқаларын көреміз. Мысалы, ақпарат, дерек көздерімен жұмыс. «Талда» айдары жұмыс барысында «Қызықты ақпарат», «Маңызды ақпарат», «Өзіндік жұмыс» айдарларымен үйлесіп, толымды бола түседі. Ақпаратты талдау, білімді меңгеру тәсілі болғандықтан, онан өзге айдарлармен де еш шектеусіз үйлесері анық. Сондықтан өзге айдарлармен бір мезгілде орындатуға ыңғайлы.

Педагог сабақ мақсатын, жүргізілу жоспарын жасаған кезде оқушының жас ерекшелігін ескеріп, берілген материалды олардың мүмкіндігіне бейімдеуі керек. Ол өмірмен байланысты, шынайы мысалдармен қамтылса тіпті тиімді. Құзыреттілік, таным мен тәжірибе, ой қорыту, шешім қабылдау – әр адам үшін өмірдегі маңызды дағдылар.

Тапсырмамен жұмыс, оны талдау шынайы тәжірибеге құрылғаны абзал. Оқулық – нұсқаушы құрал. Ал сабақ құратын мұғалім шығармашылықпен ұйымдастыра біліп, тапсырманы шағын үлгіде, оқушының бейімділігін ескере отырып өткізсе, шынайы өмір сабағы, құндылық көзі болмақ. Талдау белсенділікті арттырып, тақырыпты жақсы меңгеруіне жағдай туғы-

Арман-ПВ баспасы

зады. Оқушының танымын тереңдетіп, рухани және эстетикалық дамуына бағытталған іс-әрекеттер жүйесін құруға, зерттеушілік және іскерлік сияқты қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Тапсырманы түрлендіре өткізу, айдар мақсатын жүзеге асыру және оқушының мүмкіндіктерін барынша арттыру – өз оқушыларының қабілетін жақсы білетін мұғалімнің белсенділігі мен шеберлігінің көрінісі. Сонымен қатар ол коммуникативтік құзыреттілік дамуына қолайлы орта құру арқылы**:**

- нақты өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынас құралдарын қолдану;
- сөйлеу стилі мен керекті жанрды таңдау, қолдана білу;
- өзінің көзқарасын этикет нормаларына сәйкес жеткізу;
- өнімді әрекет және қарым-қатынас диалогын құра білу, кез келген жағдаятта шешім тауып жүзеге асыру;
- топтағы шығармашылық пен іскерлік, адамдармен топта қарым-қатынас орнату мүмкіндіктері мен қабілеттерін арттырады.

**«Ойна да, ойла» және «Жағдаяттық тапсырма» айдарлары**

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып бұл айдарларда іскерлік, рөлдік және жағдаяттық тапсырмаларды қарастырдық. Оқулықта ұсынылған (немесе мұғалім тарапынан берілген) тапсырмалар мұғалімнің сынып оқушыларының қызығушылығын арттыруына зор көмек. Ойын түрлері (рөлдік, іскерлік т.т.) оқушының еркін жұмыс істеуіне, ойын арқылы әрекетті жасап көру, тәжірибе жинақтауына бағдар болып табылады. Жалпы оқулықта ой-сана ойындары мен геймификациялық ойын түрлері қамтылды.

Оқулық мазмұны бойынша материалдарды меңгерту, жаһандық деңгейдегі білім-ғылым, технологияны меңгеруге қызығушылықты ұштау, жаһандық процестерге қатысу үшін қажетті цифрлық дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді таңдау мұғалімге жүктеледі.

Оқушыларды топқа бөлу арқылы, жаһандық мәселелерге байланысты тапсырмаларды орындатуда (мысалы, адами-әдептілік қасиеттер, қаржыны жұмсау, қауіпсіздікті сақтау, климаттың өзгеруі т.б.). бірлесе жұмыс істету, зерттеу және шешімдер қабылдату сияқты шараларды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды.

Виртуалды саяхат ойындары, квест-тестер, ойындар, жаһандық экономика қағидаттарын түсіну және қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға бағытталған қызықты тапсырмалар құрастыруды немесе оқулықта берілген тапсырмаларды АКТ мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы ұсынуға кеңес береміз.

Kahoot — мектеп және басқа да оқу орындарында қолданылатын ойын түріндегі оқыту платформасы, мұғалім алдын ала әзірлеген сұрақтарға жауап беру, тест тапсырмаларын орындау үшін қолданылады.

Quizlet.com платформасы терминдерді, сондай-ақ ағылшын, қазақ және басқа шет тілдерінен жаңа сөздерді жаттау үшін қолданылады. Оқушыларға сілтемелер жіберіле отырып, сабақ үстінде кері байланыс орнатылады.

Wordwall – интерактивті тапсырма құру сервисі. Бұл әр сабақтың барлық кезеңдерінде: ұйымдастыру, қайталау, жаңа тақырыпты игеру, практикалық бөлімі мен бекіту, қорытындылау кезеңдерінде қолданылады. Оқушылардың білімін бағалауда, кері байланыс алуда көмегі зор.

Canva – қолдануға оңай дизайнерлік құрал. IOS және Android үшін қосымша нұсқасы бар, сондықтан жұмысты компьютерде де, ұялы телефонда да жасауға болады. Бұл бағдарлама арқылы инфографика немесе презентация тәрізді мазмұнды құру орындалады.



Арман-ПВ баспасы

Google формамен жұмыс барысында төмендегідей платформалар қолжетімді:

- https://wordwall.net
- https://learningapps.org
- https://www.menti.com
- https://quizizz.com
- https://forms.gle
- https://www.survio.com
- https://prezi.com

Жетінші сынып оқушысының жас ерекшелігі қимыл-қозғалысты талап ететіні анық. Моторика мен ми белсенділігін арттыратын әрі ойлануға, жедел шешім қабылдауға ықпал етіп, белсенділігін ұштайды. Төменде мысал келтіріп өтсек:

**«Азық-түлік детективі» рөлдік ойыны.**

Оқушылар топтарға бөлінеді. Әр топ мүшелері детектив ретінде сапасыз немесе жалған өнімдерге байланысты жағдаят дайындайды (мысалы, мерзімі өткен азық-түлікті сату, жалған сусындар өнімі, ас әзірлеуде санитарлық талап сақталмауы т.т.). Оқушылар «айыптаушы», «тұтынушы», «куәгерлер», «қорғаушы», «тағамтану маманы» рөльдерін атқарады, пікір алмасады, дәлелдер іздейді және мәселенің шешімдерін ұсынады.

Сонымен қатар саналы ойлау әрекетіне баулитын ойындармен жұмыс та аса маңызды. Мысалы:

**«Ouiz» интеллектуалды сайысы.**

**Оқушылар бірнеше топқа бөлініп, мұғалімнің дайындаған викториналық сұрақтарына жауап береді. Соңында сұрақтарға дұрыс жауап берген топтар жеңімпаз атанады.**

**Экологиялық эрудиттер ойыны. Оқушылар бірнеше кіші топқа бөлінеді.**

1-кезең: **«Дұрысын тап» кезеңі.**

Әр топқа 5 сұрақ беріледі. Мұғалім әр сұраққа үш жауап айтады. Топтар дұрыс жауапты таңдайды. Жеңімпаз топ келесі кезеңге өтеді.

2-кезең: **«Суреттер сөйлейді» кезеңі.**

Тарауда қарастырылған тақырыптар бойынша суреттер беріледі. Топтар суреттерге қатысты нақты мәліметтер айтады.

3-кезең: **«Ой толғау» кезеңі.**

Топ мүшелері 1 минут ішінде «Жас эколог» тақырыбына әрқайсысы бір сөйлемнен жазып, толық мәтін құрауы керек. Ойын соңында жеңімпаз топ анықталады.

Оқушының ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар нақыл сөздерге негізделген. Мақал-мәтелді қолдану – оқушының өз ойын дәйектеп үйренуіне оңтайлы әрі аса қажет қадам. Мысалы:

✓ Мақалдардың идеясын мазмұндық суреттер мен комикс түрінде бейнелеп, суреттер көрмесін ұйымдастыру.

1. Әдепті бала – арлы бала.
2. Мінездің көркі – ізгілік.

✓ Нақыл сөздерді қатыстырып, өмірден мысалдар келтіріп, (оқиға, кинодан үзінді, кітап кейіпкері әрекеті, ата-әже, әке-шеше өмірінен мысал және т.б.). Осы нақыл сөздерге қатысты бір минуттық бейнеролик дайындау.

Сөзжұмбақты шешу барысында жасырылған сөздерге қатысты мақалдарды еске түсіру.

1) Қол ұшын беріп, үнемі жағдай жасайтын адам.
2) Жүрек жылуы, шарапаты басым жан.

АРМАН-ПВ баспасы

3) Адамдарға, жан-жануарларға, табиғатқа қамқор адам.
4) Айтқан сырыңды сақтайтын адам.
5) Қамқорлық танытып, әрқашан көмекке келетін жан.
6) Әдепті, сыпайы, өнегелі адам.
7) Кеңпейіл, қолы ашық кісі.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қ | А | М | Қ | О | Р | | | |
| | | | | | М | Е | Й | І | Р | Б | А | Н |
| | | | | Қ | А | Й | Ы | Р | Ы | М | Д | Ы |
| | | | С | Е | Н | І | М | Д | І | | | |
| Д | А | Н | А | Ш | А | Р | | | | | | |
| | | | | | | І | З | Е | Т | Т | І | |
| | | | | Ж | О | М | А | Р | Т | | | |

– Мақалдардың идеясын мазмұндық суреттер мен комикс түрінде бейнелеп, суреттер көрмесін ұйымдастыру және т.б.

Оқушының өз белсенділігін арттыруы өте маңызды мәселе. Бұл орайда оқушылардың іздене жұмыс істеуіне төмендегідей мысалдар берілді.

– Атақты тұлғалар пікірімен танысып, «Ақылды сөздер аукционы» ойынын ұйымдастыру.
– Сүйікті фильмі туралы презентация жасау және оның көпшіліктің қабылдауын ойластыру:

1. Аудиторияға ұнайтын фильм желісін қалай анықтайсың және қызықты және есте қаларлық презентация жасау үшін қандай тәсіл таңдар едің?
2. Сенің мектебіңе белгілі танымал адам келмекші. Онымен сұхбат жүргізу саған тапсырылды. Қандай сұрақ қояр едің және кездесу алаңын қалай ұйымдастырар едің?
3. Сенің достарың мұқтаж адамдарға көмектесу мақсатында қайырымдылық концертін ұйымдастырмақ болды.
4. Көбірек көрермен тарту және қайырымдылық көмек барынша мол болуы үшін қандай идеялар ұсынар едің?

– **Мақалдар мен нақыл сөздердің негізінде жеке табыс табу және үнемдеу туралы сыныптастарына арналған өз ақыл-кеңесін құрастыру.**

Көріп отырғандай мақал-мәтелге негізделген ойын үлгілері өте көп. Ойын түрлері сағат саны, тапсырманың шекті ауқымы мен оқулық талабына сай берілген.

**Жағдаяттық тапсырмалар** ойын үлгілері түрімен астасып жатады. Ойын тапсырмалары белсенділікті арттыру мақсатында ойдан құрастыруға немесе қалыптасқан үлгідегі ойындарға негізделеді. Ал жағдаяттық тапсырмалар өмірде орын алатын шынайы жағдаяттар бойынша ұсынылады. Тапсырмалар өз қызметіне орай, сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін, белсенділігін қамтиды. Осындай тапсырмаларды жиі орындау оқушының даулы сұрақтарды шеше алатын көшбасшылық дағдыларын дамытып, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға ретінде қалыптастырады. Ұсынылған тапсырмалар бойынша бір шолу жасап өтсек.

Жағдаятты рөлдерге бөлініп орындаңдар.

1. Арнұр: «Көрші апайды күнде көріп жүрмін ғой, бүгін амандаспай-ақ қояйыншы », – деп ойлап, өте шықты. Сонда көрші апай: ... (жағдаятты жалғастыр).

Арман-ПВ баспасы

2. Көшеде келе жатқан атаға бір бала соқтығысты. Жағдаят қалай өрбиді?
3. Сен аяғыңды ауыртып алып, аяғың ісіп кетті. Қоғамдық көлікпен үйіңе бара жатырсың. Аялдамадан қарт адам мінді. Бос орын жоқ. Сен не істер едің?
4. Көшеде жылап тұрған бүлдіршінді көрдің. Адамдар оның жанынан назар аудармай өтіп жатыр. Ал сен не істер едің?
5. Қарт әже қолындағы затын көтере алмай келе жатыр. Ал сен киноға кешігіп барасың. Қандай шешім қабылдайсың?

Мәтінді оқып, балалардың іс-әрекетіне баға бер. Қандай келеңсіздікке ұрынды? Енді не істегендері жөн?

1. Айжан үйден есеп шығармай келді. Құрбысынан көшіріп алды. Нәтижесінде екеуінің де есебі қате болып шығып, ескерту алды.
2. Қыран мен Садыр көрші тұрады. Екеуі сабақ оқып болған соң далаға шығуға келіскен еді. Олар лифтімен жоғары-төмен сырғып ойнауға кірісті. Сөйтіп жоғары-төмен «қыдырып» жүргенде лифт тоқтап қалды. Олар қорқып кетті. Қандай кеңес бересің?

Көптеген қалалардағы қазақ мектебінде оқитын оқушылардың үзілісте бір-бірімен орысша сөйлесетіні байқалып жүр. Кішкентай балалардың да (тіпті ауылдарда) тілдері орысша шығып жатыр. Неліктен? Жағдайды өзгертуге бола ма?

Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Саған белгісіз нөмірден ұтысқа қатысу үшін жеке деректеріңді жіберуді сұрайтын SMS хабарлама келді. Мұндай жағдайға қалай қарайсың?
2. Саған белгісіз адамдар қоңырау шалып, алдын ала төлемді талап ете отырып, өте төмен бағамен жаңа телефон сатып алуды ұсынады. Мұндай ұсынысқа қалай жауап берер едің?

Мәтінді оқып, Әселге кеңес бер.

Жаңа оқу жылынан бастап Әселге әкесі күнде 300 теңге беріп тұратын болды. Ол бұл ақшаны қалай жұмсауды өзі шешеді. Үзіліс кезінде кәмпит, сусын, сағыз, шаш түйрегіш, қуыршақ немесе т.б. заттар алуға болады. Дегенмен Әсел ақшаны жұмсамай, жинауды ұйғарды. Оған ұнайтын құлаққап 31 мың теңге тұрады. Осылай жұмсай берсе, ол оқу жылының аяғында құлаққап сатып ала ма?

Мәтінді оқып, Мирасқа кеңес бер.

Інісін балабақшадан алуға келген Мирас апат дабылын естіді. Тәрбиеші кезекті қауіпсіздік жаттығуы екенін айтты. Олар далаға шықты. Інісі Мирастан жер сілкінісі кезінде не істеу керек екенін сұрады. Мирас не айтарын білмей қалды. Сендер қалай түсіндірер едіңдер? Ойын түрінде қауіпсіздік ережелері негізінде әрекет жасауды қалай ұйымдастырар едіңдер?

Екі топқа бөлініп, әр топ сұрақтарға жауап бере отырып, өз жағдаяттарын құрастыруы керек. Әртүрлі жағдайларда (мысалы, көшеде, мектепте, қоғамдық көлікте) дабыл берудің ұтымды және практикалық әдістерін ұсынуы керек. Топ жұмысы ойларының, дәлелдерінің нақтылығы, тапқырлығы тұрғысынан бағаланады.

Кімдікі жөн?

Маржан мен Нұрлан көшеде келе жатып, самса жеді де, Нұрлан қолындағы қағазын тастай салды. Маржан қағазды көтеріп, оған ескерту жасады. Нұрлан жерде толып жатқан қоқысты көрсетіп: «Елдің бәрі тастаған ғой...», – деді.

Көріп отырғандай әр жағдаятты және оны өмірдегі оқиғамен байланыстырып, тәжірибеге сүйеніп барып шешуге тура келеді. Оқушыға кітапқа, кино немесе өмірдегі оқиғаға байланысты пікір айтуға тура келуі мүмкін.

АРМАН-ПВ баспасы

Тапсырмаларды рөлдік ойын түрінде де, жағдаяттық тапсырма ретінде де қарастыруға болады. Мұғалім оқушылар таңдауы мен қалауына қарай өзге мысал ұсынып, қызықты жұмыс үлгісін ұйымдастыра алады.

Қоғамдық шараларда белсенділік таныту қабілеті осындай шеру, челлендж және басқа шараларды өткізу барысында қалыптасады. Ол – мұғалімдер, ата-аналар үшін де өзекті мәселе.

Оқушының қорғану, қорқынышты жеңе білу, қиындықтар сынағынан абыроймен өту дағдыларын меңгеруіне бағдар болатын әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылуы керек. Сонымен қатар бұл жұмыс тапсырмаларында шешілуге тиіс психологиялық жағдаят, рөлдік ойындар оқушының белсенділігін арттыруға қызмет етеді.

**«Өзіндік жұмыс» – жеке, топпен, жұппен орындалатын жұмыстар.**

«Өзіндік жұмыс» айдары оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу, топта жұмыс жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалардан тұрады. Оқулықта ұсынылған тапсырмаларды мұғалім оқушы мүмкіндіктеріне қарай өзгертіп, жеке тапсырма ретінде ұсынуына немесе топтарға бөліп, өзге айдарлармен үйлестіріп ұсынса да болады. Оқулықты әзірлеушілер өзіндік жұмыс нұсқаларын түрлі форматта беруге көңіл бөлді. Төменде біраз үлгілерді көрсетіп өттік.

Топтық жұмыс тапсырмалары:

Топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.

1-топ сызбаны толықтырып, талқылайды.

2-топ «Сыпайы сөйлеу» тақырыбы бойынша «Соңғы сөзді мен айтайын» тәсілімен күнделікті өмірден адами құндылықтарды талқылап көрсетеді.

Төрт топқа бөлініп, телефон немесе хабар алаяқтық әрекет болуы мүмкін екенін көрсететін белгілер тізімін дайындау. Оны ата-әжелеріңе мұқият түсіндіру.

1. Телефон алаяқтықтарының тарихын зерделе: алғашқы жағдайларды қарастыр және уақыт өте келе мұндай қылмыстар қалай өзгеруде? Сызба арқылы көрсет.
2. Телефон алаяқтығы түрлерін: «фишинг», «несиелік алаяқтар», «лоторея алаяқтары» және т.б. талдау.
3. Телефон алаяқтарының әдістері: алаяқтардың өз құрбандарына айла-шарғы жасауы және алдау әдістерін зерттеу.
4. Құқықтық аспектілері: телефон арқылы алаяқтыққа байланысты заңдар мен жазаларды қарастыру және зардап шеккендерді құқықтық қорғау процесімен танысу.

1. Жеке кірістерді және қаржылық мақсаттарыңды талқылап, оны презентация арқылы ұсыныңдар.
2. Жеке кірісті қалай басқарасыңдар (жұмсайсыңдар)? Өз тәжірибелеріңді ортаға салыңдар.

Келесі тапсырма оқушының АКТ құзыреттілігі мен көпшілікпен араласып, іскерлік қабілеттерін дамытуына бағдар болып табылады:

«Зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке жол жоқ» тақырыбында «Сұхбат алу» тәсілімен журналист, заңгер, оқушы, психолог, ата-ана рөлдерін бөліп алып, сұхбат жүргізу.

1. QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, Абай ақын білім алған кезеңді сипаттау.
2. Компьютерлік бағдарлама көмегімен (https://www.canva.com) «Мектеп мақтаныштары» тақырыбында мектеп жетістіктеріне қол жеткізген оқушылар туралы фотокітап жасау т.т.

Оқушы медиакеңістікпен жақсы таныс. Медиакеңістік – өміріміздің маңызды бір бөлшегі. Олай болса, медиакеңістікке қатысты тапсырмалар да АКТ құзыреттілігін арттыруды



Арман-ПВ баспасы

қажет етеді, сол дағдылардың оң бағытта қалыптасуына ықпал етеді. Төмендегі мысал тура осы бағыттағы білім мен тәрбие көзін қамтиды:

1. Медиакеңістікте қандай ережелерді сақтау керек? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, таныстырылым дайында.
2. Әлеуметтік желілерде жиі кездесетін жайт – хейтерлердің жағымсыз пікірлері. Олар медиакеңістік этикасын бұза ма?

Оларды жазалаған дұрыс па? «Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап бер:

1) Қандай адамдар жағымсыз пікірлер жазады?
2) Хейтерлердің жағымсыз пікір жазудағы мақсаты не?
3) Өзің хейтерлерге қалай жауап бересің?

Келесі тапсырма үлгісі бала дағдысын дамытуға, жетілдіруге қызмет етеді:

QR-code-тағы бейнежазбаға сүйене отырып, «Ойды жалғастыр әдісімен хакім Абай туралы ойыңды тұжырымда.

Өзің тұратын жердегі аймаққа еңбегі сіңген танымал тұлғалардан сұхбат алып, мектеп парақшасында жарияла.

Тапсырманы орындау зерттеу, шынайылыққа қадам жасау мәселелерін қамтиды. Ол үшін қоғамдағы тіршілік әрекеттерінен тыс қалмай, етене араласу талап етіледі.

1. Азық-түлікке жұмсалатын қаржы шығындарына талдау жаса. Күндік, апталық және айлық отбасы бюджетіндегі шығындарды есептеп көр. Азық-түлікке қанша ақша жұмсайсыңдар, қандай тауарлар немесе қызметтер кіреді және осы салада ақшаны қалай үнемдеуге болады? деген сұрақтар айналасында жұмыс жасаңдар.
2. Ақшаны қалай жинақтай аламын? Сызбаны толтыр.

Кестеде интернет дүкендердегі телефон бағасы және 1 жылға несиеге алған кездегі ай сайынғы төлемі көрсетілген. Телефонды қай дүкеннен алған тиімді болатынын анықта.

| Телефон бағасы | | Ай сайынғы төлем | Жеткізу құны |
|---|---|---|---|
| 1-дүкен | 220 000 тг | 20 500 тг | тегін |
| 2-дүкен | 210 000 тг | 19 500 тг | 5000 тг |
| 3-дүкен | 230 000 тг | 19 500 тг | 2000 тг |

Кондитерлік фабрика банктен 500 000 теңгені 25 % өсімақымен 3 ай мерзімге несие алды. Пайыз мөлшерін есепте.

Оқушылар назарынан өміріміздегі әр жаңалық тыс қалмау керек. Мәселен, әр жерде орын алатын табиғи апаттар, адамдар өміріндегі маңызды оқиғалар мен әрекеттер т.б. Төмендегі тапсырмалар зілзала немес адамдардың денсаулығын сақтау, табиғатты қорғау т.б. жайттарға арналған. Оқушылар ақпаратты біліп қана қоймай, ол туралы өз пікірін түрлі форматта білдіруге үйренеді. Мысалы:

- Біздің елімізде жиі кездесетін табиғи апаттар туралы зерттеп, таныстырылым жасаңдар. Олардың әрқайсысы үшін қандай қауіпсіздік шаралары ұсынылады?

Дәстүрлі техниканы қауіпсіз пайдалану туралы постер немесе инфографика жаса. Графикалық редакторларды қолдануға немесе қолмен сурет салуға болады.

QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, өз аймақтарында болуы мүмкін табиғи апаттан сақтану нұсқаулығын құрастырыңдар.

- Төрегелді Шармановтың тағамтану саласындағы еңбегі туралы хабарлама немесе бейнеролик дайында. **Төрегелді Шарманұлы Шарманов** – қазақстандық гигиенист-нутрициолог ғалым. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сі-



Арман-ПВ баспасы

ңірген қайраткері. Қазақ тағамтану академиясының президенті. Ресей Медицина Ғылым Академиясының және Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

2. Супермаркеттен, азық-түлік дүкендерінен әртүрлі өнімдер туралы, соның ішінде өндіруші, құрамы, жарамдылық мерзімі, сапа сертификаты туралы мәліметтер жинап, «Сапалы өнім ұсынатын үздіктер» тақырыбында таныстырылым жаса.
3. Қазақтың ұлттық тағамдарының адам денсаулығына қажетті сапасы туралы ата-әжеңнен, әке-шешеңнен сұхбат ал. Оны өз аккаунтыңнан жарияла.

«Менің өлкемнің экологиялық жағдайы» тақырыбында фото және бейне түсірілімдер жасап, таныстырылым дайында.

1. «Табиғат таңғажайыптары» тақырыбында фототүсірілімдер жаса.
2. Топпен «Біздің экология» тақырыбында фотокөрме дайындаңдар және т.т.

Байқасаңыздар, оқушының әрекеті мен қызығушылығына қолдау көрсету басым. Бұл айдарларды қолдану оқушының қызығушылығын арттыруына, барлық оқушылардың сабақ процесінен тыс қалмауына, проблеманы анықтап, жауапты шешім қабылдау, бағалауға, білім сапасын арттыруға қызмет етеді.

Айдарларды сабақта ұтымды пайдалану барысында төмендегідей болжам жасадық:

- оқушылардың пәнге және қоғамда орын алатын үдерістерге қызығушылығы оянады, оның оң бағытта жүзеге асуына үлес қосуға ынтасы артады;
- оқыту үдерісіне барлық оқушылар қамтылуына жол ашылады, топтық жұмыс алаңы шығармашылық зертханаға айналады;
- оқушы дарыны мен шығармашылығы, белсенділігі артады;
- оқушылар бойында іскерлік, шығармашылық дағдылары қалыптасады;
- түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтап, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға үйренеді;
- білім сапасы көтеріледі.

Оқушыны жаһандық өзгерістерге бейімдеу және оның құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Оқушыға қойылатын мектептегі талап пен өмірлік талаптарды ұштастыру, проблеманың шешімін табу немесе өзін, эмоцияларын (өз әрекетіне мақсат қоя білу, оны жүзеге асыруға қажетті жағдайды анықтау, оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыруды) басқару құзыреттілігін, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуына барынша жағдай тудыру маңызды мәселе болып табылады.

Құрметті әріптес! Сіздердің белсенді әдіс-тәсілдермен жұмыс істеу мүмкіндіктеріңіздің өрісі кең: интернетте қаншама техника, технология үлгілері тұр. Алайда оны өз сыныбыңызда қолдану ерекшелігі бөлек. Біз ұсынған айдарларды қолдану барысында немесе алдын ала сабаққа дайындық кезінде өз сыныбыңыздың әлеуетін ескеріп, оқушының қызығушылығы, жауапты шешім қабылдау, бағалау дағдыларын дамыту мақсатында жұмыс түрлері мен үлгілерін өзгертіп қолдануға мүмкіндігіңіз бар екенін естеріңізге салып өтеміз. Ол тек Сіздің сыныпта, сіздің белсенді әрекеттеріңіз бен оқушыларыңыздың қызығушылығына қарай, белсенді әрекеттерімен үйлесімде дамуы керек. Құзыреттілікті қалыптастыру, жаһандық талаптар деңгейінен үйрету – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі.

Қадірлі әріптес! Жаһандық талаптар деңгейінен құзыреттілікті дамыту, әлемдік өзгерістерге бейім «Қазақы болмысты тұлға» қалыптастыру (А. Қыраубаева) алдыңғы кезекте ұлттық құндылықтар тұрғысынан жүзеге асырылуы керек. Осы бағытта өз жұмыстарыңызда қолдану мақсатында әріптестеріміз Г. Тоқайқызы мен Б. Амантайұлының «Қазақ болмысы

Арман-ПВ баспасы

немесе қазақтықтың формуласы» атты тұжырымды ойлар жинағын және **тұлғаның** жасына сай тәрбие беру моделін ұстаным ретінде ұсынамыз.

**Қазақ болмысы немесе қазақтықтың формуласы**

Қазақтың аманаты – Жер-ана!
Құжаты – тасқа басылған тарихы!
Генетикалық коды – салт-дәстүрі!
Қазақтың панасы – ұлы даласы!
Қазақтың мәңгілігі – ана тілі!
Ұраны – алаш!
Қайсарлық символы – көк бөрі!
Жаны – арының садағасы!
Тамыры – шежіресі!
Тектілігі – жеті ата!
Киелісі – шаңырақ!
Берекесі – тайқазаны!
Ойлылығы – ойынында!
Бәсі – тәуекелінде!
Мінезі – сертінде!
Бары – қанағатында!
Құшағы – кеңдігінде!
Көңілі – қонақжайлылығы!
Әділдігі – тура биінде!
Ырысы – киіз үйінде!
Күші – бірлікте!
Сағынышы – жусанның иісінде!

Сырласы – табиғат!
Қазақтың үні – домбыра!
Ғажайыбы – күйінде!
Шаттығы – «Қара жорға» биінде!
Келбеті – ұлттық киімінде!
Нышаны – ою-өрнегі!
Тағлымы – данасында!
Мейірімі – анасында!
Еркелігі баласында!
Қанаты – тұлпары!
Байлығы – ұрпағы!
Салтанаты – тойында!
Алғысы – батасында!
Думаны – айтыс!
Өнері – жыр, термесі, өлеңі!
Биіктігі – Хантәңірі!
Өркениетінің белгісі – алтын адам!
Рухани ордасы – Түркістан!
Ғаламдағы орны – Қазақстан!
Қазақтың тәжі – Астана!
Ұлттық құндылықтар – рухани иммунитет,
Рухани иммунитет – қазақтың сауыты!

*А.Қыраубаеваның педагогикалық ойлары.*




Жаһандық әлемде қазақ елін танытатын тұлғалар тәрбиелеп, нәтижелі еңбек биігінен көрініңіз, аяулы әріптес!

АРМАН-ПВ баспасы

# ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 1-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **Этика және әдеп** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §1. Сыпайы сөйлейміз. Рухани сана – адам өміріндегі басты қасиет | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылардың адамгершілік құндылықтары туралы түсініктері кеңейеді; рухани адамгершілік қасиеттерді бағалауды үйренеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Қызығушылықты ояту.**<br>***«Шаттық шеңбері»*** әдісін қолдану арқылы сыныпта жағымды көңіл күй қалыптастырады.<br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс барысында мұғалім сыпайы сөйлеудің мәнін, адам өміріндегі маңызын анықтауға бағдар беріп, бүгінгі меңгерілетін білімді айқындап, сұрақтарға жауап беру барысында сабақ тақырыбын анықтауға мүмкіндік тудырады.<br>**«Байланыс тізбегі» әдісімен** түйін сөздердің мәнін ашып, бүгінгі сабақпен байланыстыруға бағдар береді. | Шаттық шеңбері бойына тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>Оқушы өз ойларын ортаға салады. Өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді.<br><br>Түйін сөздердің мәнін ашып, бүгінгі сабақпен байланыстырады. | «Мадақтау сэндвичі» әдісімен бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>• сөйлеу мәдениеті туралы ақпарат алады;<br>• рухани сапаның адамгершілік қасиеттерден құралатынын түсінеді. | Тақырыпқа сәйкес суреттер. |
| Сабақтың ортасы | Теориялық мәтінмен жұмыс. Оқушылардың өз бетімен оқып, игеруіне қатысты тапсырмаларды ұсынады. | Жұптар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды. | «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалау. | Оқулық. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **1-тапсырма. Жұптық жұмыс**<br>**«Екі түрлі түсініктеме күнделігі»** әдісі<br><br>**Бөліктің оң жағына**: Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жаздырту<br>**Бөліктің сол жағына**: Әсер еткен үзінді жайында пікір жаздырады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)<br><br>**2-тапсырма. Топтық жұмыс**<br>**1-топ.** «**Талда**» айдарымен жұмыс.<br>Жоспар бойынша өз ойларын жаздырып, пікір алмастыруға бағыт бағдар береді.<br>Жұптық жұмысты ұйымдастырады.<br><br>**2-топ. «Қызықты ақпарат»** айдарын **«Комикс әдісі»** арқылы меңгерту.<br>**«Қызықты ақпарат»** айдарын оқып, мәтін бойынша комикстік сурет салып, талдауға бағыт береді.<br><br>**3-топ.** «**Өзіндік жұмыс**» айдарымен жұмыс.<br>Сызбаны толықтырып, талқылауды ұсыну.<br><br>**4-топ.** «**Жағдаяттық тапсырма» а**йдарымен жұмыс.<br>Берілген тапсырма бойынша жағдаятты рөлдерге бөлініп орындауға бағдар береді. | **Бөліктің оң жағына**: Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.<br>**Бөліктің сол жағына**: Сол әсер еткен үзінділер жайында пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)<br><br>Қорытындыларын сынып алдында қорғайды.<br>Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар қойып, бір-бірін толықтырады, өзгерістерін жіктейді.<br><br>**«Қызықты ақпарат»** айдарын оқып, мәтін бойынша комикстік сурет салады.<br><br>Сызбаны толықтырып, талқылайды.<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>Тапсырма бойынша жағдаятты рөлдерге бөлініп орындайды. | **Дескриптор:**<br>• сыпайылық ұғымын түсінеді;<br>• сыпайы сөйлеу дағдыларын меңгерген;<br>• рухани сапа туралы ақпаратты меңгерген.<br><br>**Дескриптор:**<br>• әдепсіздік жағымсыз қылық екенін түсінеді;<br>• рухани сапа туралы ұғым қалыптасқан.<br><br>**Дескриптор:**<br>• мәтін мазмұны бойынша комикс сала алады;<br>• сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын түсінеді.<br><br>**Дескриптор:**<br>• сызбаны толықтырады; талқылап қорғайды;<br><br>**Дескриптор:**<br>• рөлдерге шынайы енеді;<br>• сөйлеу қарым-қатынастағы ең маңызды құрал екенін түсінеді.<br>«**Екі жұлдыз, бір тілек**» әдісімен бағалайды.. | Комикс шаблоны.<br><br>Сызба. |
| **Сабақтың соңы** | **«Бес саусақ»** тәсілі арқылы бүгінгі сабақтан алған білімін тексеру. | **«Бес саусақ» тәсілі** арқылы бүгінгі сабақтан алған білімдерін қорытындылайды. | | A4, конспект |



АРМАН-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 2-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §2. Кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратын жол. Басқаларды қуанту үшін жақсылық жасау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар кемшіліктермен жұмыс істеуді үйренеді; жақсылық жасаудың маңыздылығын түсінеді, адамгершілік құндылықтарын бағалауды үйренеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Қызығушылықты ояту.**<br>**«Жақсылық ережесін»** түзіңдер.<br>*Үлгі:* – Жақсылықты ақылмен жаса. Жасаған жақсылығыңды міндет етпе/толықтыру/<br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс барысында мұғалім кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратынын, басқаларды қуанту үшін жақсылық жасау керектігін **«Меңгерілетін білім»** айдары арқылы айқындап, сабақ тақырыбын анықтауға мүмкіндік тудырады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшеді. | **«Жақсылық ережесін»** түзеді.<br><br>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді. | «Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>• қателесу мен кемшілік кез келген адамда болатынын түсінеді;<br>• жақсылық жасау өзіне де, өзгеге де қуаныш сыйлайтынын біледі. | Тақырыпқа сәйкес суреттер. |
| **Сабақтың ортасы** | Теориялық мәтінмен жұмысты тапсырмалар арқылы жүргізеді.<br>**1-тапсырма.** «DEAL» әдісі арқылы әр топқа тапсырмаларды орындауға ықпал ету.<br>**Шарты:**<br>**1-топ: D – Describe** – теориялық мәтінді оқып, баяндауға бағыттау.<br>**2-топ: E – Explain** – теориялық мәтін бойынша білетіндерін суреттеу. | Оқушы теориялық мәтінмен жұмыс жасайды.<br><br>Топтар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Бір-біріне қосымша сұрақтар қойып, бір-бірін толықтырады, айтылған ой, пікірді дәлелдейді. | Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс беріп отырады.<br>**Дескриптор:**<br>• қателік жасау туралы ақпаратты меңгереді; | Мәтінге қатысты бейнежазба, кино үзінділері. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **3-топ: A – Anallyse** – теориялық талдау, қорытынды жасау.<br>**4-топ: L – Links** – өзінде бар біліммен байланыстыруға бағыт беру.<br><br>**2-тапсырма. Жеке жұмыс.**<br>**«Талда»** айдарының мәтін мазмұнын меңгертіп, **«РАФТ»** әдісін қолдану.<br>**Рөл** – құмыра (қарт әке, баласы, су, гүл, жарық құмыра, бүтін құмыра);<br>**Аудитория** – 7 сынып;<br>**Форма** – хат;<br>**Тақырып** – Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды. | **«Талда!»** айдары бойынша жұмыс істейді. **«РАФТ»** бойынша таңдаған кейіпкерінің атынан хат жазады. | • қатенің қорқынышты жағдай емес екенін біледі;<br>• қиындық пен кедергі ұғымдарын меңгереді.<br><br>**Дескриптор:**<br>• мәтін мазмұнын оқып, меңгереді;<br>• су тасыған адамның әрекетіне баға береді<br>• кейіпкердің атынан хат жазады. | Мадақтау, көтермелеу сөздері жазылған парақшалар |
| | **3-тапсырма. Жұптық жұмыс**<br>«Абай айтқан ақиқат» тақырыбы бойынша **«Екі түрлі түсініктеме күнделігі»** әдісін қолданып, кестеге пікірлерін жаздырады.<br><br>\| **Абай сөзі** \| **Менің ойым** \|<br>\| \| \|<br><br>**«Өзіндік жұмыс»** айдарымен жұмыс.<br>«Жақсының аты өлмейді» тақырыбында 70–100 сөзден тұратын эссе жазу | **«Екі түрлі түсініктеме күнделігі»** кестесіне пікірлерін жазады.<br><br>Эссе жазып, өз тобында оқып береді. | Өзін-өзі бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>• бүгінгі күн жағдайын Абай пікірімен салыстырады.<br>• кері әдеттен құтылу жолдарын талдайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>• өзгенің эссесін бағалай алады. | |
| **Сабақтың соңы** | **Сабақты қорытындылау. «Үш жағымды сәт»** стратегиясы. **Толықтыр:**<br>Маған ... қызықты болды.<br>Бұл ... қиындық туғызды.<br>Осы ... мені ойландырды. | **«Үш жағымды сәт»** стратегиясы бойынша ойын білдіреді. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | А4, конспект |

АРМАН-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 3-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §3. Зорлық-зомбылықты болдырмау және өзіңді қалай қорғауға болады? | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар зорлық-зомбылықпен күресу жолдары туралы ақпарат алады; өзін қорғау жолдарымен танысады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Қызығушылықты ояту.** «Кімді қорласаң, содан зар тартарсың» мақалын талдау.<br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс барысында мұғалім сұрақты талдатып, меңгерілетін білімді айқындап, сабақ тақырыбын анықтауға мүмкіндік тудырады. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушы өз болжамдарын айтып, сабақ мақсатын анықтайды. | «Мадақтау сэндвичі» | Тақырыптық суреттер. |
| Сабақтың ортасы | **Теориялық мәтінмен жұмыс**<br>**1-тапсырма.** Жұптық жұмыс<br>Мәтін бойынша «Борт журналы» кестесін толтыру.<br><br>**Негізгі түсініктер** \| **Түсіндірмесі** \| **Кескіндік үлгісі (сурет, сызба, т.б.)**<br><br>**2-тапсырма. Топтық жұмыс.**<br>**1-топ. «Талда»** айдары бойынша «Зорлық-зомбылық – саналы тіршілік иесіне жат қылық» тақырыбын өмірмен байланыстыра отырып, талдатады. | Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды.<br>Жұптар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар қойып, бірбірін толықтырады.<br><br>**«Зорлық-зомбылық – саналы тіршілік иесіне жат қылық»** тақырыбын өмірмен байланыстыра отырып талдайды, пікірлерін айтады. | **Дескриптор:**<br>• «зорлық-зомбылық» сөзінің мағынасын анықтайды;<br>• басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті туралы сипаттайды;<br>• Айтылған ой, пікілер негізінде өз ойларын тұжырымдайды.<br><br>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалау. | Ақпараттық мәтін.<br><br>Кесте.<br><br>Үлестірмелі қағаздар. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Талданатын мәселе бағыттары: адам өмірінің құндылығы; құқыққа қол сұғу әрекеттерінің заңсыздығы; теріс әрекетті болдырмау стратегиялары; айтылған ойлар негізінде үндеу қабылдау.<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс беріп отырады.<br>**2-топ. «Зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке жол жоқ»** тақырыбын **«Сұхбат алу»** тәсілімен орындату (журналист, заңгер, оқушы, психолог, ата-ана рөлдерін бөліп береді).<br>**3-топ. «Жағдаяттық тапсырма»** айдарын оқып, сюжетті рөлдік қойылым жасау.<br><br>**4-топ.** «Ойна да ойла!» айдары бойынша жұмыс. | **«Зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке жол жоқ»** тақырыбында «Сұхбат алу» тәсілімен журналист, заңгер, оқушы, психолог, ата-ана рөлдерін бөліп алып, сұхбат жүргізеді.<br><br>**«Жағдаяттық тапсырма»** айдары бойынша сюжетті рөлдік қойылым жасайды.<br><br>Сөзжұмбақты шешіп, «Қамқорлық» сөзіне бүгінгі өткен тақырып аясында сөзжұмбақ құрайды. | «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>• берілген тақырыпқа талдау жүргізеді;<br>• сұхбат алады;<br>• сюжетті рөлдік қойылым жасайды;<br>• сөзжұмбақты шешеді. | Микрофон, студия жабдықтары.<br><br>Сөзжұмбақ |
| **Сабақтың соңы** | **Сабақты қорытындылау. Кері байланыс.**<br>Нені білдім? Нені үйрендім?<br>Нені толық түсінбедім? Нені білгім келеді? | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | А4 парақтарына жазылған. Конспект. |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 4-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Азаматтық және патриотизм | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §4. Менің мектебімнің жетістіктері | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар «мектеп жетістіктері» деген ұғыммен танысады; ең үздік жетістіктер туралы ой қалыптастырады; білім ордасының жетістіктері тікелей оқушының жетістіктерімен байланысты екенін түсінеді. | |

АРМАН-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Қызығушылықты ояту.**<br>Көтеріңкі көңіл күй орнату үшін «Ізгілік шары» әдісін қолданады.<br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс барысында мұғалім мектеп жетістіктерінің бала өміріндегі маңызын анықтауға бағдар береді. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшеді.<br>**Меңгерілетін білімді** айқындап, сабақ тақырыбын нақтылауға мүмкіндік тудырады.<br>**«Сөз тізбегі»** әдісімен **түйін сөздердің** мәнін ашып, сабақпен байланыстыруға бағдар береді. | Шеңбер болып тұрған оқушылар бір-біріне «ізгілік шарын» ұсынып, жақсы тілектер айтады.<br><br>Оқушы өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушы өз болжамдарын айтып, ойын білдіреді. | «Геометриялық фигуралар» әдісімен бағалау. | Тақырыпқа сәйкес суреттер. |
| **Сабақтың ортасы** | **Теориялық мәтінмен жұмыс.**<br>**1-тапсырма. «Джигсо»** әдісі арқылы мәтінді екі топқа бөліп оқытады. Топтардың алған мәліметін екінші топқа түсіндіруін ұйымдастырады.<br><br>**2-тапсырма. Топтық жұмыс**<br>**1-топ.** «**Талда**» айдары бойынша мектеп жетістіктерін қарастырып, оның негізінде өздерінің болашақ мектебінің жобасын жасауға бағдар береді. Жобаның атауы: «Болашақ мектебі» Жобаның мақсаты: бүгінгі мектеп жетістіктерін қарастырып, ой қорыту. Дамыған техника мен технология мүмкіндіктерін қолдана отырып, қиялдағы «Болашақ мектебінің» жобасын жасау.<br>**2-топ. «Қызықты ақпарат»** айдарын оқып, ақпараттың негізінде мазмұндық комикс салуға бағыттау.<br>**3-топ.** «**Өзіндік жұмыс**» айдарымен жұмыс.<br>1. QR code-тағы бейнежазбаны көру арқылы Абай білім алған кезеңді сипаттауға бағыттау. | Топтар өз мәтіндерін оқиды.<br>Мәтіннен алған мәліметін екінші топқа қонаққа бару арқылы түсіндіреді.<br><br>Мектеп жобасын талдап, соның негізінде өздерінің болашақ мектептерінің жобасын ұсынады.<br><br>**«Қызықты ақпарат»** айдарын оқып, ақпараттың негізінде комикс салады.<br><br>**3-топ.**<br>1. QR-code-тағы бейнежазбаны көру арқылы, Абай білім алған кезеңді сипаттайды. | Ауызша кері байланыс.<br>**Дескриптор:**<br>• мәтін мәліметін сауатты түсіндіреді;<br>• мектеп жетістіктеріне не жататынын біледі;<br>• жетістікке жету үшін қандай қасиеттер керектігін меңгерген.<br><br>**Дескриптор:**<br>• мектеп жобасын талдайды;<br>• болашақ мектептерінің жобасын ұсынады.<br><br>**Дескриптор:**<br>• ақпараттың негізінде комикс салады.<br><br>**Дескриптор:**<br>• Абай білім алған кезеңді сипаттайды. | А4 парақтарына жазылған мәтін<br><br>Үлестірмелі қағаздар |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Компьютерлік бағдарлама көмегімен (https://www. canva.com) **«Мектеп мақтаныштары»** тақырыбында мектеп жетістіктеріне қол жеткізген оқушылар туралы фотокітап жасауға кеңес беру, идея тастау.<br>**4-топ. «Ойна да ойла!»** айдарындағы мақалдардың идеясы негізінде мазмұндық сюжетті әңгіме жаздырту. | 2. Компьютерлік бағдарлама көмегімен (https://www. canva.com) **«Мектеп мақтаныштары»** тақырыбында мектеп жетістіктеріне қол жеткізген оқушылар туралы фотокітап жасайды.<br>**«Ойна да ойла»** айдарындағы мақалдардың идеясын мазмұндық суреттер мен комикс түрінде бейнелеп, суреттер көрмесін ұйымдастырады. | **Дескриптор:**<br>• жетістіктерге қол жеткізген оқушылар туралы фотокітап жасайды;<br>• мақалдардың идеясын мазмұндық суреттер мен комикс түрінде бейнелейді.<br><br>Геометриялық фигуралар арқылы бағалау. | Бағалауға арналған геометриялық фигуралар |
| **Сабақтың соңы** | Кері байланыс. «Табыс сатысы» әдісі:<br>Не білемін? Нені білгім келеді? Не білдім? | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады. | Оқушылар өз деңгейлерін бағалайды. | А4, конспект |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 5-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **Азаматтық және патриотизм** | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрмете! | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар тілдің адам өміріндегі мәні мен маңызы туралы ақпарат алады, ана тілі мен ұлт тағдырының байланысын түсінеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» тақырыбында слайд дайындап, көрсетеді. Оқушыларға пікірлерін айтуға мүмкіндік тудырады. | Слайдты қарап, түсінгендерін айтып, ой түйіндейді. | | Слайд |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | «**Кел, ойланайық!**», «**Түйін сөздер**» айдарларымен жұмыс жасатып, сабақтың тақырыбын анықтатады. Сабақ мақсатымен таныстырады. | Оқушылар айдарлармен жұмыс жасап, сабақ тақырыбын болжайды. Сабақ мақсатымен танысады. | «Мадақтау сэндвичі» арқылы бағалау | |
| **Сабақтың ортасы** | Теориялық мәтінмен жұмысты **«Маңызды ақпарат»** айдарымен байланыста меңгертеді.<br>**1-тапсырма.** «**Талда**» айдарымен жұмыстың бағдарын түсіндіреді.<br>1) «Ана тілді ардақта!» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастыру;<br>2) «Қазақ тілі – ең бай, таза түркі тілінің бірі» тақырыбында сыни пікір жазу.<br>**2-тапсырма. «Ойна да ойла!»** айдарымен жұмыс шарты бойынша «Жедел мәлімет» танымдық ойынын ұйымдастырады.<br>**3-тапсырма. «Жағдаяттық тапсырма»** бойынша жағдаяттың шешімін табуды ұсынады.<br><br>**4-тапсырма. «Өзіндік жұмыс»** айдарымен жұмыс бойынша екі топқа бөліп, тапсырмаларды бөліп береді.<br>**«Мың бір мақал»** тақырыбы бойынша жұмыс ұйымдастырады: мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табыңдар; бұл мақалды қандай мақсатта, қандай жағдаятқа байланысты қолдануға болатынына мысал келтіріңдер. | Оқушылар тақырыпқа байланысты мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, қабылдайды.<br><br>Пікірсайыс ұйымдастырады, ойларын ортаға салады.<br><br>Сыни пікір жазады, зерттеуді ойластырады.<br><br>Танымдық ойын шарттарын орындап, нақыл сөздердің авторлары туралы мәліметтерді жедел тауып, жарысады.<br>«**Жағдаяттық тапсырма**» бойынша тілді шұбарлап сөйлеу мысалдарын келтіре отырып, өз ойларын тұжырымдайды.<br><br>Тапсырма бойынша мақалдардың мағынасын түсінеді.<br>Мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табады.<br>Мақалдардың қандай мақсатта, қандай жағдаятта қолдануға болатынын мысал арқылы ашып береді. | **Дескриптор:**<br>• ана тілдің маңызы мен мәнін ұғынады;<br>• түркі тілдері ішіндегі ерекшелігін түсінеді.<br><br>**Дескриптор:**<br>• мақалдардың мазмұнын түсінеді;<br>• дәйексөз ретінде қолдана алады. | Оқулық<br><br>Үлестірме тапсырмалар |
| **Сабақтың соңы** | **«Біліміңді тексер!»** айдары бойынша кері байланыс орнатады. | Оқушылар сабақтан алған әсерлерін жазып, смайликтерді белгілейді. | | А4, конспект |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 6-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **Азаматтық және патриотизм** | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §6. Өз елін танымал еткен тұлғалар. Тарих беттерінен | |
| **Сабақтың мақсаты** | Танымал тұлғалардың қоғамға, мәдениетке және әлемдік оқиғаларға ықпалын талдайды, олардың негізінде жатқан құндылықтарды, қасиеттерді және принциптерді түсінеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **«Мотивация»** әдісімен жағымды көңіл күй қалыптастырады.<br>**«Түйін сөздер»** айдарымен сабақтың тақырыбын анықтатып, сабақ мақсатымен таныстырады.<br>**«Меңгерілетін білім»** айдары. «Танымал тұлға» атану себебін талдап, таныстырады; танымал тұлғалардың ел тағдырына қатысты еңбегі туралы түсінік береді. | Оқушылар жағымды көңіл күйге келіп, зейіндері сабаққа аударылады.<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды.<br>Танымал тұлға атану себебін талдайды, ел тағдырына қатысты еңбегі туралы ой қорытады. | Өзара бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>• тарих, тарихи тұлға, мемлекеттік қайраткер, қаһарман т.б терминдерді ұғады;<br>• Танымал болудың шарттары туралы ой түйеді. | Тақырыптық слайд. |
| **Сабақтың ортасы** | **Мәтінмен жұмыс**<br>**1-тапсырма. Жеке жұмыс**<br>**«Төрт сөйлем» тәсілін** қолдану арқылы тапсырма береді. 1) Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз. 2) Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде. 3) Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір. 4) Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз. | Оқушылар ақпараттық мәтін бойынша пікір, дәлел, мысал келтіріп, қорытынды жазады.<br>Топтық жұмыс | **Дескриптор:**<br>• өз өлкесінің атақты адамдары туралы ақпарат береді;<br>• «тарих» ұғымын түсінеді;<br>• халық пен тарих ажырамас ұғымдар екенін ажыратады. | Ақпараттық мәтін.<br>Үлестірмелі қағаздар. |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **2-тапсырма.** «**Талда**» айдарымен жұмыс жүргізеді. Оқушыларды 3 топқа бөліп, тапсырманы «Тұлғаны таны» әдісімен орындату.<br>1-топ. Тарихи тұлғалар туралы таныстырылым жасайды. 2-топ. Мәтінді оқып, Т.Рысқұлбеков туралы пост дайындайды. 3-топ. QR-code-ты тыңдап, батырлар туралы мәлімет береді.<br>**«Өзіндік жұмыс»** айдарымен жұмыс.<br>Оқушыларға жұмыс бағдарын береді. | Топ бойынша өз жұмыстарымен таныстырады.<br>«Ойды жалғастыр» әдісімен берілген тапсырмаға жауап береді.<br>Өздері тұратын жердегі аймаққа еңбегі сіңген танымал тұлғалардан сұхбат алуға тапсырма алады. | Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс жасайды.<br>«Өзін-өзі бағалау» әдісімен бағалау. | Суреттер |
| **Сабақтың соңы** | «**Біліміңді тексер!**» айдары бойынша жұмыс жүргізеді.<br>**Кері байланыс.**<br>**«Жетістік баспалдағы»** әдісі арқылы кері байланыс орнатады. | Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы алған ақпараттары туралы өз ойларымен бөліседі.<br>Тақырып бойынша не білетіні, не білгісі келетіні туралы әр кезең тапсырмаларын орындайды. | Өзін-өзі бағалау. | А4, конспект |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 7-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар медиакеңістік туралы түсінік алады; көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары қалыптасады, дамиды. | |

АРМАН-ПВ баспасы

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру кезеңі.** Слайдтан көрсетілген суреттер бойынша пікірлерін айтқызады.<br><br>«**Кел, ойланайық!**» айдарында берілген сұрақтарды алдыңғы суретпен байланыстырып ойлануға ықпал етеді.<br><br>**«Түйін сөздер»** айдары негізінде ақпаратпен таныстыру. | Болжамды ойларын ортаға салады.<br><br>**Түйін сөздермен** танысып, сабақ тақырыбын анықтайды.<br><br>«**Маңызды ақпарат**» айдарында берілген мәліметтерге сүйеніп, толықтыру жасайды. | Сұрақтарға жақсы жауап берген оқушыларды мадақтау сөздерімен ынталандыру «Бәрекелді», «Жарайсың», «Тамаша», «Керемет»<br>**Дескриптор:**<br>• бұқаралық ақпарат құралдары, медиакеңістік; әлеуметтік медиа т.б. ұғымдарын біледі. | Слайд №1 |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма. Топтық жұмыс**<br>Теориялық мәтінмен жұмысты медиакеңістік туралы түсінікті топтастыру кестесін жасауға бағыт беру.<br><br><br>**2-тапсырма. «Еркін микрофон»** әдісімен «**Талда**» айдарының жұмысын ұйымдастырады.<br><br>«**Өзіндік жұмыс**» айдарымен жұмыс.<br>Өзін блогер ретінде сынап, өз блогын немесе бейнеблогын жасауға бағдар беру. | Тірек сөзді қажетті мәліметтермен топтастырады.<br><br>Берілген сұрақтар бойынша ойланып, әлеуметтік желілер туралы білімдерін толықтырады.<br><br>Сұрақтарға жауап беріп, пікірлерін ортаға салады. | **Дескриптор:**<br>• медиакеңістік түрлерін ажыратады;<br>• бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануды біледі.<br><br>**Дескриптор:**<br>• көпшілік алдында сөз сөйлеу өнері туралы алған білімін қолдана алады.<br><br>Мадақтау сөздерімен ынталандыру. | Оқулық<br><br>Смайликтер |
| Сабақтың соңы | «**Біліміңді тексер!**» айдарымен кері байланыс орнатады:<br>«Бес саусақ» әдісі бойынша сабақ туралы өз ойларын айтуға мүмкіндік береді. | **«Бес саусақ»** әдісі бойынша ой қорытады. | | |

АРМАН-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 8-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы** | Телефон алаяқтары: не істеу керек? | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар телефон алаяқтары туралы біледі, телефон алаяқтарының түрлерін ажыратады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі.** Аудиожазбаны тыңдатып, өздерін ойлантқан мәселелер туралы пікірлерін тыңдайды.<br><br>«**Кел, ойланайық!**» айдарында берілген сұрақтар негізінде ой қозғайды.<br>«**Түйін сөздер**» айдары бойынша сабақ тақырыбын болжатып, мақсатын анықтауға бағдар береді. | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Түйін сөздер көмегімен сабақ мақсатын анықтайды. | Ауызша бағалау жүргізіледі.<br>«Жарайсың», «Керемет», «Жақсы жауап» | https://www.youtube.com/watch?v=FTUXNovOfCo |
| **Сабақтың ортасы** | Теориялық мәтінді «**Маңызды ақпарат**» айдарымен байланыстыра отырып оқытады.<br><br>**1-тапсырма. Топтық жұмыс.**<br>Әдісі: «Ойлан. Бөліс. Талқыла»<br>Сілтемедегі кеңестер бойынша, телефон алаяқтарынан қорғану жадынамасын құрастырып жазуға бағыт береді.<br>**2-тапсырма. Жеке жұмыс.**<br>«Ойлан, тап» әдісімен жұмыс жасатады.<br>«Ойна да ойла!» айдарында берілген мақалдардың жалғасын тауып жаздырады. | Оқушылар теориялық мәтінді «Инсерт» әдісімен түртіп алады.<br><br>Сілтемедегі мәліметтерді зерделей отырып, телефон алаяқтарынан қорғану жадынамасын құрастырып жазады.<br><br>Белгіленген уақыт ішінде мақалдардың жалғасын тауып жазады. Дұрыс тапқан оқушылар жеңімпаз атанады. | **Дескриптор:**<br>• сілтемедегі кеңестерді мұқият тыңдайды;<br>• жадынама жазады.<br><br>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы өзара бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>• мақалдардың жалғасын табады. | https://egov.kz/cms/kk/articles/legal_relations/pass_scammers |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **3-тапсырма.**<br>«**Жағдаяттық тапсырманы**» жеке жұмыс түрінде ұйымдастырады.<br>Белгісіз нөмірден жеке деректер жіберуді сұрайтын SMS хабарлама келгенде шешім қабылдау нұсқаларын қарастырады. ПОПС формуласына салып, ойларын жазуға ықпал ету.<br>«**Өзіндік жұмыс**» айдары бойынша алаяқтық әрекет орын алатын жағдайлар тізімін дайындату. | Әр оқушы тапсырма нұсқаулығынан ауытқымай, жүйелі ой жазады. | Өзін-өзі бағалау әдісі:<br>**Дескриптор:**<br>• 1 сөйлем<br>Себебі<br>Мысал<br>Қорытынды<br>Дескриптор арқылы бағалау. | ПОПС кестесі |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия.**<br>«3–2–1» әдісі.<br>Бүгінгі сабақ бойынша есінде қалған 3 нәрсе...<br>Жақсы түсінген 2 нәрсе...<br>Пайда болған 1 сұрақ... | Оқушылар «3–2–1» әдісімен ой қорытады. | Стикермен бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>• телефон алаяқтығы туралы біледі;<br>• телефон алаяқтығының түрлерін ажыратады;<br>• олардан сақтану жолдарын түсінеді. | Кесте парақшасы.<br>Стикер |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 9-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Подкаст. Байланыстың заманауи әдістері. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар подкаст туралы біледі, байланыстың заманауи әдістерін ажыратады. | |



АРМАН-ПВ баспасы

### Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Подкаст туралы дыбысжазбаны тыңдату арқылы сабақ тақырыбын анықтауға ықпал етеді.<br>«**Кел, ойланайық!**» және «**Түйін сөздер**» айдарлары бойынша сабақ мақсатымен таныстырады. | Оқушылар сұрақтарға болжам жауаптарын айтады.<br><br>Сабақ тақырыбын, мақсатын ашады. | Мадақтау сөздері | https: //www. youtube. com/watch?v= w2BpG XKBdZc |
| **Сабақтың ортасы** | Теориялық мәтінмен жұмысты (подкаст, заманауи байланыс мүмкіндіктері) бөлімдерге бөліп талдатады. | Оқушылар бөлімдерге бөліп талдайды. | | |
| | Сабақ барысында орындалатын тапсырмаларды ұсынады.<br>**1-тапсырма.** Жұптық жұмыс<br>**«Эйлер шеңбері»** әдісі.<br>Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралауға ұмтылдыру. | Идеяларын жинақтап, саралау жұмысын жасайды. | Өзара бағалау.<br>**Дескриптор**<br>• тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтайды,<br>• сұрақтарға жауап жазады. | VI. Ой бөлісу – ауызша есептер (қорытындылау)<br> |
| | **2-тапсырма.** «**Ойна да ойла**» айдарымен жұмыс жасату. Екі топқа бөлініп, подкастқа дайындық қадамдарын толықтыртады:<br>2. Қонаққа қойылатын сұрақтардың тізімін жаса;<br>4. Белгіленген күні подкаст жазуға кіріс.<br>7. Подкасты салуға болатын барлық платформаларға жүкте.<br>«**Өзіндік жұмыс**» айдарымен жұмысты орындатады. Тапсырма: Жұптасып, «Хобби мамандыққа айналуы мүмкін бе?» тақырыбында подкаст дайындаңдар. | Екі топқа бөлініп, подкастқа дайындық қадамдарын толықтырады.<br>Тапсырманы дұрыс орындаған топ жеңіске жетеді.<br><br>Жұптасып, подкаст дайындайды. | «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>• подкаст жасау алгоритмін меңгереді.<br><br>**Дескриптор:**<br>• байланыстың заманауи әдістерін ажыратады. | |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия**<br>**«Бес саусақ»** әдісі арқылы рефлексия жасату. | Оқушылар **«Бес саусақ»** әдісі арқылы рефлексия жасайды. | | |

АРМАН-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 10-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §10. Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады? Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады? Отбасының қаржылық мақсаттары. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар жеке табысты қалай тиімді басқаруға болатынын түсінеді.<br>Отбасылық бюджет туралы түсініктері қалыптасады.<br>Бюджетті жоспарлау мен үнемдеуді үйренеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | «Сырлы қобдиша» арқылы психологиялық ахуал орнатады.<br><br>«**Түйін сөздер**» айдарындағы «жеке табысты басқару», «отбасылық бюджет», «жоспарлау», «үнемдеу», «есептеу» сөздерінің анықтамасын ашу арқылы сабақтың мақсатымен таныстырады.<br><br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс. «Миға шабуыл» әдісін қолдана отырып, «Жеке табыс деген не?» Ол қалай басқарылады? «Отбасы бюджеті деген не?», «Оны қалай жоспарлаған жөн?» сұрақтары арқылы оқушыларға ой салады.<br> | Өзара жақсы тілектер білдіреді.<br><br>Оқушылар айдармен жұмыс жасап, жаңа ұғымдарды меңгереді. Сабақтың мақсатымен танысады.<br><br>Сұрақтар төңірегінде өз ойларын ортаға салады. Сызбаны толтырады.<br><br>«Отбасылық бюджет», «отбасылық бюджетті жоспарлау» тіркестерін қалай түсінетіндерімен бөліседі.<br><br>Квест сұрақтарына жауап береді. Жаңа тақырып мазмұнын ашады. | Ауызша кері байланыс беру.<br><br>Мадақтау сөздері<br><br>**Дескриптор:**<br>• отбасы бюджеті деген не екенін біледі.<br>• оны жоспарлау жолдарымен танысады. | Сызба үлгілері |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Маңызды ақпарат»** айдарында берілген анықтамаларды квест ойыны арқылы меңгертеді. | Квест ойыны арқылы жеке табыс, отбасылық бюджет, жоспарлау, үнемдеу, есептеу т.с.с. ұғымдар анықтамасын меңгереді. | Өзара бағалау.<br>Өз дәлелін ұсынады.<br>Ойын қорытып, айтады. | Онлайн квест. |
| **Сабақтың ортасы** | Теориялық мәтінмен таныстырған соң, сабақ барысында орындалатын тапсырмаларды бөледі. Орындалу кезеңдері мен уақытын белгілейді.<br>**1-тапсырма.** «**Ойна да ойла**» айдары бойынша мақалдар негізінде жеке табыс табу және үнемдеу туралы сыныптастарына арналған өз ақыл-кеңесін құрастыруға ықпал ету.<br>«**Талда**» айдарымен жұмыс жүргізеді. «Бюджет» және «Үнемшіл» атты екі топқа бөліп (қаржыгерлер, бизнесмен, кәсіпкер, қарапайым отбасы мүшелері т.т.), үшінші журналистер тобымен брифинг (прессконференция) ұйымдастыруға бағдар береді.<br>**2-тапсырма.** Отбасылық бюджеттің негізгі элементтерімен танысып, өз өміріндегі мәні мен маңызын, қолданыс жағдайын талдап көрсет. | 2-топқа бөлініп, сұрақтарға жауап береді<br><br>Мақалдар негізінде жеке табыс табу және үнемдеу туралы сыныптастарына арналған өз ақыл-кеңесін жазады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. Ой бөліседі. Бірін-бірі толықтырады.<br>Болжам жауаптарын айтады. | Мадақтау сөздері.<br>Өзара бағалау. | Ақпараттық мәтін.<br><br>Оқулық.<br>Үлестірме қағаздар.<br><br>Тірек сызбалар. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия**<br>**«ҚҚҚ»** әдісі арқылы сабақты қорыту. | Бүгінгі сабақтан нені түйгенін стикерге жазып, даналық ағашына іледі. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | Стикер |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 11-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | §11 Ақша жинақтары қалай құрылады? Банк кредиттері.<br>Отбасының қаржылық қауіпсіздік тірегі | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар банк кредиттері туралы, несие түрлері мен қаржылық қауіпсіздік негізін түсінеді. | |

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

